

## Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 23 шілдедегі № 126 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 105-бабының 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібіне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім 2020 жылғы 2 ақпаннан бастап күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2019 жылғы 23 шілдедегі  
№ 126 шешіміне  
ҚОСЫМША

## Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібіне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 15-тармақта:

а) 15-тармақшада:

бірінші абзац (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын: " Елдің (елдер тобының, елдердің кеден одағының, өңірдің немесе ел бөлігінің) қысқартылған атауы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 37-бабының 2-тармағына сәйкес көзделген кедендік аумаққа әкелінген тауарлардың шығу тегін айқындау ережесіне сәйкес айқындалған тауарлардың шығу тегіне қарай көрсетіледі. ";

үшінші абзац (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацтармен ауыстырылсын:

"Кедендік-тарифтік реттеу шараларын (тарифтік преференциялардан айрықша), тыйым салулар мен шектеулерді, ішкі нарықты қорғау шараларын қолдану тауарлардың шығу тегіне тәуелді болған және мұндай шаралардың әрекет етуі Еуропалық одақтың бір немесе бірнеше елдерінде шығарылған тауарларға қолданылатын жағдайды қоспағанда, егер тауарлардың шығу тегі туралы құжаттар тауарлардың Еуропалық одақтың нақты елінен шығу тегі туралы мәліметтерді қамтымайтын, ал тауарлардың Еуропалық одақтан (елдер тобы ретінде) шығу тегі туралы мәліметтерді қамтитын болса, графада декларацияланатын тауарлар шығарылған елдер тобы ретінде Еуропалық одақты көрсетуге рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда графада "ЕУРООДАҚ" жазбасы жазылады.

Мысалы:

егер декларацияланатын тауарларға қатысты Шартта көзделген ішкі нарықты қорғау шарасы қолданылатын және мұндай шараның әрекеті Еуропалық одақта (елдер тобы ретінде) шығарылған тауарларға қолданылатын болса, бұл ретте тауарлардың шығу тегі туралы құжат тауарлардың шығу тегі туралы мәліметтерді қамтиды:

Еуропалық одақ (елдер тобы ретінде), – графада "ЕУРООДАҚ" жазбасы жазылады;  
Италия Республикасы, – графада "ИТАЛИЯ" жазбасы жазылады;

егер декларацияланатын тауарларға қатысты Шартта көзделген ішкі нарықты қорғау шарасы қолданылатын және мұндай шараның әрекеті Италия Республикасында шығарылған тауарларға қолданылатын болса, бұл ретте тауарлардың шығу тегі туралы құжат тауарлардың шығу тегі туралы мәліметтерді қамтитын болса:

Италия Республикасы, – графада "ИТАЛИЯ" жазбасы жазылады;

Еуропалық одақ (елдер тобы ретінде), – графада "ЕУРООДАҚ" жазбасы жазылмайды, осы тармақшаның бірінші және екінші абзацтарына (кестеден кейін) сәйкес Еуропалық одақтың нақты елінің қысқартылған атауы көрсетіледі.";

б) 32-тармақшаның бірінші – бесінші абзацтары (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацтармен ауыстырылсын:

"Графаның "а" кіші бөлімінде олар туралы мәліметтер әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес ТД 31-графасында көрсетілетін декларацияланатын тауарлар шығатын елдің (ел өңірінің немесе бөлігінің) коды көрсетіледі. Елдің (ел өңірінің немесе бөлігінің) коды Шарттың 37-бабының 2-тармағына сәйкес көзделген кедендік аумаққа әкелінетін тауарлардың шығуын айқындау қағидаларына сәйкес айқындалған тауарлардың шығу тегіне қарай көрсетіледі.

Графаның "а" кіші бөлімінде кедендік-тарифтік реттеу шараларын (тарифтік преференциялардан айрықша), тыйым салулар мен шектеулерді, ішкі нарықты қорғау шараларын қолдану тауарлардың шығу тегіне тәуелді болған және мұндай шаралардың әрекет етуі Еуропалық одақтың бір немесе бірнеше елдерінде шығарылған тауарларға қолданылатын жағдайды қоспағанда, егер тауарлардың шығу тегі туралы құжаттар тауарлардың Еуропалық одақтың нақты елінен шығу тегі туралы мәліметтерді қамтымайтын, ал тауарлардың Еуропалық одақтан (елдер тобы ретінде) шығу тегі туралы мәліметтерді қамтитын болса, графада декларацияланатын тауарлар шығарылған елдер тобы ретінде Еуропалық одақты көрсетуге рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда графаның "а" тармақшасында латын әріптерімен 2 таңбалы "EU" коды көрсетіледі.

Мысалы:

егер декларацияланатын тауарларға қатысты Шартта көзделген ішкі нарықты қорғау шарасы қолданылатын және мұндай шараның әрекеті Еуропалық одақта (елдер тобы ретінде) шығарылатын тауарларға қолданылатын болса, бұл ретте тауарлардың шығу тегі туралы құжат тауарлардың шығу тегі туралы мәліметтерді қамтитын болса:

Еуропалық одақ (елдер тобы ретінде), – графаның "а" кіші бөлімінде латын әріптерімен 2 таңбалы "EU" коды көрсетіледі;

Италия Республикасы, – графаның "а" кіші бөлімінде латын әріптерімен 2 таңбалы "IT" коды көрсетіледі;

егер декларацияланатын тауарларға қатысты Шартта көзделген ішкі нарықты қорғау шарасы қолданылатын және мұндай шараның әрекеті Италия Республикасында шығарылатын тауарларға қолданылатын болса, бұл ретте тауарлардың шығу тегі туралы құжат тауарлардың шығу тегі туралы мәліметтерді қамтитын болса:

Италия Республикасы, – графаның "а" кіші бөлімінде латын әріптерімен 2 таңбалы "IT" коды көрсетіледі;

Еуропалық одақ (елдер тобы ретінде), – графаның "а" кіші бөлімінде 2 таңбалы "EU" коды көрсетілмейді, осы тармақшаның бірінші абзацына (кестеден кейін) сәйкес латын әріптерімен Еуропалық одақтың нақты елінің 2 таңбалы коды көрсетіледі.

Егер тауарлардың шығу тегі белгісіз болса, графаның "а" кіші бөлімінде "00" екі нөл көрсетіледі.

Егер декларант ТД 36-графасында 2 элементінде декларацияланатын тауарларға қатысты тарифтік преференцияларды қолдануды көздейтін кодты көрсеткен жағдайда, графаның "b" кіші бөлімінде олар туралы мәліметтер әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес ТД 31-графасында көрсетілетін декларацияланатын тауарлар шығарылған елдің (ел өңірінің немесе бөлігінің) коды көрсетіледі. Елдің (ел өңірінің немесе бөлігінің) коды Шарттың 37-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес көзделген кедендік аумаққа әкелінген тауарлардың шығу тегін айқындау қағидаларына сәйкес айқындалған тауарлардың шығу тегіне қарай көрсетіледі.

Өзге жағдайларда графаның "b" кіші бөлімі толтырылмайды.

Әуе кемелерінің борттарында, сондай-ақ теміржол және өзге де көлік түрлерінде тауарларды өткізумен байланысты ауыстырылатын қолма-қол валютаны (пайданы және банкноттар мен монеталар түріндегі ұсақ валюталарды) декларациялау кезінде графа толтырылмайды;"

2. 17-тармақта "16," және "34," деген цифрлар алып тасталсын.

3. 18-тармақта:

а) бірінші абзацта "17" деген цифрлар "16, 17" деген цифрлармен ауыстырылсын, "40" деген цифрлар "34, 40" деген цифрлармен ауыстырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 61-тармақшамен толықтырылсын:

"61) 16-графа. "Шығарған ел"

#### 16 Шығарған ел

Графада декларацияланатын тауарлар шығарылған елдің (ел өңірінің немесе бөлігінің) қысқартылған атауы көрсетіледі. Елдің (ел өңірінің немесе бөлігінің)

қысқартылған атауы Кодекстің 28-бабының 2-тармағына сәйкес көзделген тауарлардың шығу тегін айқындау қағидаларына сәйкес айқындалған тауарлардың шығу тегіне қарай көрсетіледі.

Елдердің (ел өңірлерінің немесе бөліктерінің) қысқартылған атаулары әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес көрсетіледі.

Егер бір ТД-да әртүрлі елдерден (ел өңірлерінен немесе бөліктерінен) шығарылған бірнеше тауар декларацияланатын болса немесе егер бір тауардың болса да шығу тегі белгісіз болса, графада "ӘРТҮРЛІ" жазбасы жазылады.

Егер ТД-да декларацияланатын барлық тауарлардың шығу тегі белгісіз болса, графада "БЕЛГІСІЗ" жазбасы жазылады.

Әуе кемелерінің борттарында, сондай-ақ теміржол және өзге де көлік түрлерінде тауарларды өткізумен байланысты ауыстырылатын қолма-қол валютаны (пайданы және банкноттар мен монеталар түріндегі ұсақ валюталарды) декларациялау кезінде графа толтырылмайды;"

в) мынадай мазмұндағы 141-тармақшамен толықтырылсын:

"141) 34 графа. "Шығарылған елдің коды"

34 Шығарылған елдің коды			
a		b	

Графаның "а" кіші бөлімінде олар туралы мәліметтер әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес ТД 31-графасында көрсетілетін декларацияланатын тауарлар шығарылған елдің (ел өңірінің немесе бөлігінің) коды көрсетіледі. Елдің (ел өңірінің немесе бөлігінің) коды Кодекстің 28-бабының 2-тармағына сәйкес көзделген тауарлардың шығу тегін айқындау қағидаларына сәйкес айқындалған тауарлардың шығу тегіне қарай көрсетіледі.

Егер тауарлардың шығу тегі белгісіз болса, графаның "а" кіші бөлімінде "00" екі нөл көрсетіледі.

Графаның "b" кіші бөлімі толтырылмайды.

Әуе кемелерінің борттарында, сондай-ақ теміржол және өзге де көлік түрлерінде тауарларды өткізумен байланысты ауыстырылатын қолма-қол валютаны (пайданы және банкноттар мен монеталар түріндегі ұсақ валюталарды) декларациялау кезінде графа толтырылмайды;"

4. 283-тармақ "16" және "34" деген цифрлардан кейін "(әкелген кезде)" деген сөздермен толықтырылсын.

5. 284-тармақта:

а) "15а (әкеткен кезде)," деген сөздерден кейін "16 (әкеткен кезде)," деген сөздермен толықтырылсын;

б) "17 ((а; b) (әкеткен кезде))," деген сөздер "17 (а; b) (әкеткен кезде), 34 (әкеткен кезде)," деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 38-тармақтың 3-тармақшаның үшінші абзацында және 4-тармақшасының үшінші абзацында "II тараудың" деген сөздер "III тараудың" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. 412-тармақта "16," және "34," деген цифрлар алып тасталсын.

8. 413-тармақта "18" деген цифрлар "16, 18" деген цифрлармен ауыстырылсын, "29" деген цифрлар "29, 34" деген цифрлармен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ